

"Петропавл қаласының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" Петропавл қаласы әкімінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 31 наурызда N 3185 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімінің 2015 жылғы 21 қазандағы N 35 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімінің 21.10.2015 N 35 шешімімен (бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңы 21-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімі **ШЕШТІ:**

1. "Петропавл қаласының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" Петропавл қаласы әкімінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3133 тіркелген , 2015 жылғы 20 наурыздағы № 11 "Қызылжар нұры" және 2015 жылғы 20 наурыздағы № 11 "Проспект СК" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында бесінші абзацтың бірінші бөлімі мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"№ 625 сайлау учаскесі

Орталығы – "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі "Солтүстік Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің " Велосипед спортының олимпиада резервінің мамандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Казахстанская правда көшесі, 33, тел. 532934".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Т. Қ . Есжановқа жүктелсін.

3. Осы шешім оны бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

"Келісілді"

Петропавл қалалық сайлау

М. Тасмағанбетов

комиссиясының төрағасы
2015 жыл

Н. Петров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК